

ҚАЛАДАҒЫ ЛАНШАФТТЫ САРЫАРҚА ДАЛАСЫНЫҢ ФЛОРАСЫМЕН КӨРКЕЙТУ

Жантас Жансерік Ерсаянұлы

alfaban20@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Белесарова Бакыт Бахтияровна

Сарыарқа – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

Батысы Торғай ойпатына тіреліп, шығысы Қара Ертіске еңкейіп барып тоқтайтын, түстігін Балқаштың көгілдір толқындары шайып жатса, терістігі көк Есілмен көмкерілген ұлан-ғайыр Сарыарқа сан ғасырлардан бері қазақ деген бұла халықтың құтты қонысы болып келеді. Бұл мақалада Қазақтың ұсақ шоқыларына физикалық-географиялық сипаттама берілген. Оның табиғаты, климаты, жер бедері мен пайдалы қазбалары, зерттелу тарихы туралы сөз қозғалады. Ландшафт (нем. land — жер, schaft — өзара байланысты білдіретін жұрнақ) терминін орыс ғалымы Л.С. Берг енгізген. Географиялық ландшафтқа тән негізгі көрсеткіштер қатарына аумақтың біркелкі сипаты, құраушыларының біртекті ұштасуы, құрылымының кешенді сипаты мен біртұтастығы, тұрақтылығы, зат және энергия алмасуының біртектестігі жатады. Ландшафтық түсірімдер нәтижесінде әр түрлі масштабтағы ландшафтық карталар жасалынады. Қазіргі кезде Географиялық ландшафттардың матем. моделі жасалынып, олар жайлы мәліметтер компьютерлік өңдеуден өткізіледі. Адам әрекетінен өзгерген ландшафт антропогендік (жасанды) ландшафт деп аталады. Сарыарқа даласы сан қилы, түрлі таң ғажайып табиғи ерекшеліктерімен жақсы танылған аймақ. Сарыарқаның табиғаты түрлі ағаштармен, түрлі жан-жануарларға бай. Соның ішінде Жусан өсімдігі.



Сурет-1.

Жусан (лат. Artemisia) – астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта. Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Жусанның биіктігі 10 – 60 см, кейде 1,5 – 2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыранқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Жусанның 17 түрі – сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі – дәрменнің дәрілік

шөп ретінде ерекше мәні бар. Сарыарқаның осы керемет иісті өсімдігімен қалалық флораны көркейту мақсатында жусанды қолданамыз. Қаланың жусанмен аңқып, көркейту мақсатында біз Нұрсұлтан қаласын аламыз. Ең алдымен біз Жусан атты паркті ашамыз. Жусанды өсіру мақсатында жерді дайындап өңдеу қажет. Жусан арқылы біз жерге өрнектеп, дәлірек айтқанда оюменен өрнектеу арқылы сәндік беріп және бір жағынан керемет жусанның иісімен қаланы иістендіреміз. Бұл адамдарды, заводтарыдан шыққан түтінің иісінен сақтауға да зор көмегін тигізеді. Жусаның түсі жасыл болғандықтан оны ою өрнек секілді егіп, өсіріп, өрнектің ерекшеленіп көрінуі үшін қалған жерлеріне басқа гүлдерді (ақ, сары, қызыл, немесе көк гүлдер) егеміз. Егерде жасыл түстен басқа түсті өсімдік егілмесе ол жусанан жасалған оюлардың көрінуіне кедергі жасайды, сондықтан басқа түстегі гүлдер міндетті түрде егілуі қажет. Бұл парктің аумағы не ғұрлым үлкен болуы қажет. Сонда Паркті төбесінен қарағанда қазақи оюлар анық әрі үлкен болып көрінеді, және жусанның иісі көп шығады. Бұл төбеде айтып өткендей лас ауаны тазартуға да септігін тигізеді. Сарыарқаның топырақ-өсімдік жамылғысы төмендегідей негізгі подзоналардан тұрады: кәдімгі қара топырақтағы қоңыржай-қуаң аралас шөпті селеулі дала; оңтүстік қара топырақтағы қуаң аралас шөпті-селеулі дала; қоңыр-қызылт топырақтардағы құрғақ селеулі-бетегелі дала және қызылт топырақтағы ксерофитті -аралас шөпті-бетегелі-селеулі дала; құба және ашық-құба топырақтардағы астық тұқымдас шөпті-жусанды шөлейт; ашық-құба сортаң топырақтағы жусанды-сортаңды шөл. Сарыарқаның жануарлар әлемі далалар мен аласа таулы өлкелерді, сондай-ақ, көптеген тұрақты және уақытша су көздері - өзендер мен көлдерді мекендейтін түрлерге бай. Орманды-далалы өңірлерде кеміргіштерден түрлі тышқандар; жыртқыштардан сілеусін, түлкі, қасқыр; қояндардың ақ және сұр түрлері; тұяқтылардан елік пен бұлан кең тараған. Кәсіптік-аңшылық мәні бар құстардан бұлдырық пен шіл, құр көп болса, жыртқыш құстардан қаршығалар мен мола бүркіті жиі кездеседі. Далалық өлкелерде кеміргіштерден суыр мен саршұнақ; жыртқыштардан дала күзені; құстардан бозторғай; қанатты жыртқыштардан дала бүркіті мен тұрымтай көбейе түседі. Сарыарқаның оңтүстігіне қарай құм тышқаны мен қосаяқ, шөлейт қасқыры мен шөлейт аккісі, әсіресе рептилиялардан сұр геккон, дала ағамасы, жүйрік кесіртке сияқты шөл мен шөлейт жануарлары кеңірек тарайды. Өзен-көлдерде шортан, аққайран, табан, т.б. көптеген балық түрлері бар. Келтіріліп отырған қысқаша физикалық-географиялық мінездеме осынау таңғажайып өлкенің табиғаты жайлы тек жалпылама мәлімет береді. Кейбір нақтырақ сипаттамалар төмендегі арнаулы тарауларда келтіріледі. Сарыарқа жері дала, шөлейт және шөл зоналарына кіреді. Көкшетау, Атбасар өңірінде, Есіл өзенінің бойында қара топыраққа тән өсімдік жамылғылары қалыптасқан. Ол жерлерде егіндік өсіріледі. Даланың аласа таулары мен ұсақ шоқыларында шоқ-шоқ қарағай, биші қайың ормандары өседі. Дала зонасының оңтүстігін ала Теңіз бен Сарысу жазықтары, Ұлытау, Қарқаралы, Шыңғыстау бойлары шөлейт зонаға кіреді. Бұл зонаның климаты қуаң, қошқыл қызыл қоңыр топырақ жамылғысында жусанды, бетегелі, көделі, боз өсімдіктер жамылғысы таралған. Өзен бойында, тау баурайларында шабындық шалғындар, терек, қайың, қарағай, арша, тал өседі. Шөлейт зона мал жайылымына қолайлы. Шөл зонасы Ұлытаудың оңтүстігі мен Жезказған маңын, Солтүстік Балқаш жағалауын қамтиды. Мұндағы шөлдің қоңыр топырақ жамылғысында шөл өсімдіктері - тобылғы, қараған, боз, бетеге, ақселеу бұйырғын, қара жусан, көкпек өседі. Жануарлар дүниесі де дала, шөлейт, шөл зоналарының ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Қарағайлы ормандарда бұғы, елік кездессе, дала мен шөлейт жерлерді ақбөкен, қасқыр, түлкі мекендейді. Көлдерінде құстар көп.



Сурет-2.

Сарыарқа Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғитарихи аймақтың бірі. Сарыарқа халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Астана облыстарының жері толықтай, Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

Сарыарқа – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші. Сарыарқаның асыл тумалары, сонау Абылай заманындағы Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек, ақындар Шөже, Шашубай, Доскей, жазушы С.Сейфуллин және ақын Қ.Аманжолов, композиторлар Тәттімбет, Мәди, Ұлы Отан соғысының қаһарманы Н.Әбдіров ғалымдар А.Чижевский және Е.Бөкетов, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров сияқты атақты адамдар Сарыарқаның атын шығарған. Көмірлі өңірдің халқы Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевты да өзінің бел баласы деп есептейді. Өйткені ол жас күнінен бастап Теміртаудағы атақты Қазақстан Магниткасында горновой болып еңбек жолын бастаған. Еліміздің тарихынан орын алған «адамзат ажалының аралындай» КарЛАГ- та жас ғұмырларын «тар жол, тайғақ кешумен» өткізген небір совет және шет елдің жүздеген оқымыстылары, зиялы қауым өкілдері тар қапаста жүрсе де Қарағандыда тұңғыш өнер ошақтарын ашқан «алғашқы қарлығаштар» болып табылады. Бұл өнер қайраткерлерінің артынан ызғарлы, қайғылы сұмдыққа толы жылдары туындаған өнер мұралары қалды. Қазіргі кезде бұл мұралар әлем жұртшылығының қызығушылығын тудырып отыр.

Ұсыныс: Нұр сұлтан қаласын Сарыарқа ерекшеліктерімен көркейту. Мысал ретінде жусан өсімдігі арқылы қаланың флорасына сәндік беру және ауасын тазарту мақсатындағы ұсыныс.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008. ISBN 9965-34-809-X
2. Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы.- Қарағанды ҚарМУ баспасы, 1998.-275 б.
3. Аршабеков Т. Қарқаралы күмбездері.- Қарағанды: «Арқо» ЖШС 1997.- 96 б.
4. Аршабеков Т. Тасқа жазылған тарих // Сана.- 2000.- 7 желтоқсан (№46).- 5 б.
5. Аршабеков Т. Туған жер төсіндегі жәдігерлер: /Қазына: тарихқа шолу/ // Орт. Қазақстан.- 1994.- 29 желт.